

"Шәкен Айманов атындағы "Қазақфильм" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 25 желтоқсандағы N 1284 Қаулысы
"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13
мамырдағы Заңы 32-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының
Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті заңнамада
б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

1) "Шәкен Айманов атындағы "Қазақфильм" акционерлік қоғамының (бұдан әрі -
Қоғам) саны 1749507 (бір миллион жеті жүз қырық тоғыз мың бес жүз жеті) дана билік
етуі шектелген жарияланған акцияларын 1749507000 (бір миллиард жеті жүз қырық
тоғыз миллион бес жүз жеті мың) теңге сомасына оларды мемлекеттің меншігіне
мәжбүрлеп алып қою арқылы Қоғамның салықтық берешегін өтеу есебіне
о р н а л а с т ы р с ы н ;

2) акцияларға мемлекеттік меншік құқығын Қоғам акцияларын ұстаушылардың
тізілімі жүйесінде тіркеуді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне тіркеуді қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі